

**8D01503 – Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Бедебаева Майра Ерсултановнаның «Аралас оқыту технологиясы
негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі»
тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесші педагогика
ғылымдарының докторы, доцент Р.И. Кадирбаеваның
ПІКІРІ**

Бұгінгі күні сини ойлау қабілеті, мәдениетаралық коммуникация мен түсіністік, шығармашылық, цифрлық сауаттылық және т.б. жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру өзекті. Бұл құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқу бағдарламаларында пәнаралық байланыстарға негізделген тәсілдер, цифрлық технологиялар мен интербелсенді әдістер арқылы тілдік және мәдени білім беру, тәжірибеге бағытталған жобалар, бірлескен жұмыс және құндылықтарға негізделген оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Осылан орай, оқу бағдарламаларының жаһандық құзыреттіліктерге бағытталуы – білім беру мазмұнын қазіргі заман талаптарына бейімдеудің негізгі жолдарының бірі болып табылады.

Аталған мәселенің аясында орындалған Бедебаева Майра Ерсұлтанқызының диссертациялық зерттеуі мектептегі информатика пәнін оқытуда білім алушылардың жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған инновациялық технологияларды тиімді пайдалануға арналған. Зерттеуде еліміздің үштілділік саясатын қолдау мақсатында информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL және аралас оқыту технологияларын интеграциялауға басымдық беріледі.

Зерттеу жұмысының мазмұнында информатика пәнін тілдік біліммен ұштастыра оқыту, дәстүрлі және цифрлық құралдарды үйлестіру арқылы аралас оқыту технологиясын енгізу, инновациялық педагогикалық тәсілдер арқылы білім сапасын арттыру және цифрлық дәуірге бейімделген білім беру мазмұнын жетілдіру мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Бұл ретте, білім беру жүйесінің цифрлық трансформация кезеңінде информатика пәнін оқытуда білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігі мен дәстүрлі оқыту әдістерінің бұл талаптарға толық жауап берे алмауы арасындағы қайшылықтар анық көрсетілген. Сонымен қатар, жаһандық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған оқыту мазмұнының, құралдарының шектеулілігі мен білім алушылардың болашақта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Бұл зерттеуде негізгі назар аралас оқыту технологиясын қолданудың теориялық және әдістемелік аспектілеріне аударылған. Аталған бағыт шетелдік және ресейлік зерттеулерде белсенді қарастырылып келеді. Мысалы, Ю.И. Капустиннің күндізгі және қашықтықтан оқытуды тиімді үйлестірудің педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттарын зерттеуі, М.С. Орлованың программалауды аралас форматта оқыту арқылы кәсіби-

коммуникативтік күзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне арналған еңбегі, М.Н. Мохованың қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде белсенді әдістерді қолдануы, сондай-ақ В.А. Фандейдің шетел тілін аралас оқыту формасының теориялық-прагматикалық негіздерін талдауы – осы саладағы іргелі зерттеулер қатарында.

Алайда, Ресейде аралас оқыту технологиясына арналған диссертациялық жұмыстар біршама бар болғанымен, Қазақстанда бұл бағытта кешенді түрде орындалған зерттеулер саны кемде-кем. Дегенмен, ғылыми мақалалар саны жылдан-жылға артып келеді. Осы түрғыдан алғанда, диссиденттің зерттеуі елімізде аралас оқыту технологиясын мектеп информатика курсында қолдануға арналған алғашқы отандық диссертациялық жұмыстардың бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл докторанттың ауқымды, пәнаралық, әрі заманауи білім беру процестеріне сай келетін өзекті ғылыми мәселені тандағанын көрсетеді.

Диссертациялық жұмыста ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау негізінде цифрлық трансформация жағдайында информатиканы оқытудың өзекті мәселелері, аралас оқытудың алғышарттары, негізгі модельдері мен әдіснамалық принциптері, сондай-ақ пәндік білім мен тілдік дағдыларды кіріктіре оқытудың маңыздылығы жан-жақты қарастырылып, зерттеу міндеттеріне сәйкес нәтижелер көрсетілген. Мектеп информатика курсын ағылшын тілінде оқытуда CLIL тәсілін қолданудың ерекшеліктері нақты айқындалып, пәндік мазмұн мен тілдік күзыреттілікті үйлестірудің тиімді жолдары ұсынылған. Бұған қоса, информатика пәнінің «Алгоритмдеу және программау» бөлімін аралас оқыту форматында ағылшын тілінде жүргізуге арналған әдістеме жасақталған.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – цифрлық трансформация жағдайында мектептегі информатика курсын тілдік деңгейі әртүрлі білім алушылар үшін аралас оқытудың қажеттілігін ғылыми түрғыдан негіздеу, пәндік және тілдік білімді кіріктіре оқытудың мүмкіндіктерін зерделеу, CLIL технологиясын қолданудың әдістемелік аспектілерін жүйелеу және нақты әдістемелік шешімдерді ұсынумен сипатталады. Ал зерттеудің практикалық маңыздылығы – информатиканы ағылшын тілінде оқытуға арналған теориялық материалдар мен тапсырмалар жүйесінің құрылудынан, пән мен тілді кіріктіре оқытудың әдіс-тәсілдерінің нақтыланудынан, сондай-ақ «Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оку-әдістемелік құрал мен оның ақпараттық-білім беру ортасының әзірленіп, оку үдерісіне енгізілуінен көрінеді. Аталған нәтижелер білім беру тәжірибесіне нақты үлес қосып, пән мұғалімдері мен әдіскерлерге практикалық құрал ретінде қызмет ете алады.

Зерттеу тақырыбының аясында диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 11 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 2 мақала Скопус мәліметтер базасындағы процентилі 35-тен жоғары рецензияланатын журналда, 4 мақала КР ЕЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар

тізбесіне енетін журналдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында.

Диссертация Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Информатика» кафедрасында орындалып, талқылану нәтижесінде қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жүргізу барысында докторант өзінің теориялық білімін тәжірибеде тиімді қолдана алғатын, ғылыми пайымдауы қалыптасқан, ізденімпаз әрі жауапкершілігі жоғары зерттеуші екенін дәлелдеді. Бұл оның 2023–2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранттық бағдарламасы аясында АР19175370 «Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар ақпараттық-білім ортасын әзірлеу» атты жобамен постдокторант ретінде зерттеулерін жалғастырып отырғанынан айқын көрінеді.

Корытындылай келе, Бедебаева Майра Ерсултановнаның қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады, ғылыми-практикалық қолдану маңызы жоғары және ҚР ғұлым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережесі» талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде докторант Бедебаева Майра Ерсултановнаны 8D01503 - Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға жіберуге болады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университетінің доценті, педагогика
ғылымдарының докторы, доцент



Кадирбаева Р.И.

«Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ»
Р.И. Кадирбаева – ұжынын растаймын
Адами ресурстарды дамыту департаментінің
директоры НН